



# Асыл сөзді іздесен, Абайды оқы ерінбе

**Б**иыл Абай Құнанбайұлының дүниеге келгеніне - 175 жыл.

Ақынның мерейтойына орай, М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Тоқыма және тамақ инженериясы» ЖМ «Қайта өндеу өндірістерінің технологиясы» мамандығында оқытын ЖТ-18-3Кз тобының студенттері ашық тәрбие сағатын өткізді. Атағыш іс-шараға ЖТ-19-3кі және ЖТ-19-3р тобының студенттері де қатысты. Ән көңілдің ажары демекші, тәрбие сағаты Абайдың «Көзімнің қарасы» әнімен басталып, ары қарай ақынның шығармашылығымен танысты. Студенттер жастар арасында кішігірім әлеуметтік эксперимент жүргізіп, дайындаған видеоролигін көрсетті. Әлеуметтік экспе-

рименттің негізгі мақсаты – жастардың ұлы ақыннызды қаншалықты жақсы танитынына көз жеткізу болған еді. Бір қуантарлығы, жастарымыздың басым көшпілігі Абайға қатысты қойылған сұрақтарға мұдірмей жауап берді. Содан кейін жастар өздері билетін ақынның өлең жолдары мен қара сөздерін көрермен назарына ұсынды.

Ұлы ақынның әр айтқан сөзі - есті адам үшін есiet-әнегенің талтырmas үлгісі. «Асыл сөзді іздесен, Абайды оқы ерінбе» демекші, өмірге азық боларлық асыл ойлардың Абай жырларында тунып тұрганы баршаға мәлім.

**М.ҚАСЫМОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ  
«Тоқыма және тамақ инженериясы»  
ЖК топ тәлімгері**